

"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымының Еуразия экономикалық қоғамдастығына кірігуі туралы хаттаманың жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 маусымдағы N 574 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымының Еуразия экономикалық қоғамдастығына кірігуі туралы хаттаманың жобасына қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымының Еуразия экономикалық қоғамдастығына кірігуі туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы,

"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 2005 жылғы 6 қазандағы "Еуразиялық кеңістікте кірігу процесстерін одан әрі дамыту туралы" шешіміне сәйкес,

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (мемлекеттер басшылары деңгейінде) 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 267 "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымының Еуразия экономикалық қоғамдастығына кірігуін құқықтық ресімдеу туралы" шешімін ескере отырып,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартқа Өзбекстан Республикасының қосылуы туралы 2006 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған хаттаманы назарға ала отырып,

"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымы (ОАБІҰ) мен Еуразия экономикалық қоғамдастығының (ЕурАзЭҚ) стратегиялық мақсаттары мен міндеттері сәйкес келетінін ескере отырып,

ОАБІҰ алдында тұрған кіріктірілген нарықты, су-энергетикалық, көлік, азық-түлік және басқа да салалардағы бағдарламаларды жасау жөніндегі іс жүзіндегі міндеттер қазіргі уақытта ЕурАзЭҚ шеңберінде табысты шешіліп жатқанын назарға ала отырып,

"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер ретінде әрекет ете

о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттамаға 1-қосымшада көрсетілген ОАЫҰ шеңберінде жасалған халықаралық шарттар қолданысын жалғастыра береді және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер заңнамасының талаптарын ескере отырып, оның шарттық-құқықтық базасына бейімделуі мүмкін.

2-бап

Осы Хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген ОАЫҰ шеңберінде жасалған халықаралық шарттар осы Хаттама енген күнінен бастап өз қолданысын тоқтатады.

3-бап

Осы Хаттамаға 3-қосымшада көрсетілген ОАЫҰ шеңберінде жасалған халықаралық шарттар олардың тараптары арасындағы қатынастарда қолданысын жалғастыра береді.

4-бап

Осы Хаттамаға 1, 2 және 3-қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

5-бап

2002 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымын құру туралы шарттың қолданысы осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап тоқтатылады.

6-бап

Осы Хаттама Тәжікстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын депозитарий Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады, ол әрбір Тарапқа оның расталған _____ көшірмесін _____ жібереді.

2006 жылғы " __ " _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

2006 жылғы " __ " _____
"Орталық Азия ынтымақтастығы"
ұйымының Еуразия экономикалық
қоғамдастығына кірігуі туралы

хаттамаға 1-қосымша

Еуразия экономикалық қоғамдастығының шарт-құқықтық базасына бейімдеу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі

Р/с N	Құжаттың атауы және оның қабылданған орны	Қол қойылған күні
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Түркіменстан арасындағы Мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Алматы.	1992 жылғы 18 ақпан
2.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Фармацевтика өнеркәсібі мен денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Бішкек.	1994 жылғы 5 тамыз
3.	Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Үкіметтері арасындағы Жер сілкіністерін зерттеу мен сейсмикалық қауіптілікті болжау саласындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы келісім. Бішкек.	1995 жылғы 24 ақпан
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Траншекаралық әсер ететін қалдық қоймалары алаңдары мен тау жынысы үйінділерін қалпына келтіру жөніндегі бірлескен жұмыстар туралы келісім. Ташкент.	1996 жылғы 5 сәуір
5.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Көлік және коммуникация саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісім.	1996 жылғы 5 сәуір
6.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Орталық Азия өңірінің отын-энергетикалық және су ресурстарын пайдалану, газ құбырларын салу, пайдалану туралы келісім. Ташкент.	1996 жылғы 5 сәуір
7.	Жұмыс күшін еркін ауыстыру үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру жағдайларын жасау жөніндегі келісім. Бішкек.	1997 жылғы 14 наурыз
8.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Темір жол көлігі саласындағы тарифтік саясатты реттеу туралы келісім.	1997 жылғы 7 тамыз
9.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықтың көші-қоны процестерін реттеу туралы келісім. Алматы.	1997 жылғы 7 тамыз
10.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Ташкент.	1997 жылғы 8 желтоқсан
11.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 17 наурыз
12.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Батыс Тянь-Шаньнің биологиялық әртүрлілігін сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 17 наурыз
13.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1998 жылы Нарын-Сырдария су	1998 жылғы 17 наурыз

	қоймалары сарқырамасының су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп және кешенді пайдалану туралы келісім. Бішкек.	
14.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 17 наурыз
15.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1998 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамасының су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп және кешенді пайдалану туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 17 наурыз
16.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттер халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығын қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 26 маусым
17.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 26 маусым
18.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамасының су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп және кешенді пайдалану туралы келісім.	1999 жылғы 14 сәуір - 6 мамыр
19.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Бішкек.	1999 жылғы 17 маусым
20.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Орталық Азия мемлекеттері энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі туралы келісім. Бішкек	1999 жылғы 17 маусым
21.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы 1998 жылғы 17 наурыздағы келісім . Бішкек.	1999 жылғы 17 маусым
22.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Астана.	2000 жылғы 8 маусым
23.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Астана.	2000 жылғы 8 маусым
24.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Санаторлық-курорттық, сауықтыру және туристік мекемелер мен ұйымдарды дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Астана.	2000 жылғы 8 маусым
25.	"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Теледидар мен радио бағдарламаларын өзара тарату туралы келісім. Астана.	2004 жылғы 28 мамыр

26.	Халықаралық Даму Қауымдастығы мен ОАЫҰ ұйымы арасындағы Даму мақсаттарына (Орталық Азиядағы ЖҚТБ-ға қарсы күрес жөніндегі жоба) арналған грант туралы келісім.	2005 жылғы 12 мамыр
-----	--	---------------------

***Анықтама:** ЕурАзЭҚ Мемлекеттік кеңесінің (үкімет басшылары деңгейінде) 2006 жылғы 19 мамырдағы шешімімен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесі (мемлекет басшылары деңгейінде) шешімінің жобасы мақұлданды, оның 1-қосымшасына Халықаралық Даму Қауымдастығы мен ОАЫҰ ұйымы арасындағы Даму мақсаттарына (Орталық Азиядағы ЖҚТБ-ға қарсы күрес жөніндегі жоба) грант туралы келісімді енгізу ұсынылады.

2006 жылғы " __ " _____
"Орталық Азия ынтымақтастығы"
ұйымының Еуразия экономикалық
қоғамдастығына кірігуі туралы

хаттамаға 2-қосымша

Өзінің қолданысын тоқтататын құжаттардың тізбесі

Р/с N	Құжаттың атауы және ол қабылданған орын	Қол қойылған күні
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесі мен оның институттары туралы келісім. Алматы .	1995 жылғы 10 ақпан
2.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитеті арасындағы Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесі Атқарушы комитетінің Қазақстан Республикасының аумағында болуының шарттары туралы келісім. Алматы.	1995 жылғы 1 маусым
3.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰӨаясында ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құру туралы келісім. Жамбыл.	1995 жылғы 15 желтоқсан
4.	Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының БҰҰ аясында бітімгершілік операцияларын пайдалануға арналған бітімгершілік батальонын материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы келісім. Ташкент.	1996 жылғы 5 сәуір
5.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық кеңесі Атқарушы комитетінің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі туралы келісім. Чолпон ата.	1998 жылғы 17 шілде
6.	Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы 1995 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесі мен оның институттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы келісім. Бішкек.	1999 жылғы 24 маусым
7.		2001 жылғы 20 мамыр

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қырғыз Республикасы Үкіметінің және Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамаларының су-энергетика ресурстарын 2001 жылы пайдалану туралы хаттама. Бішкек.	
8.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамаларының су-энергетика ресурстарын 2002 жылы және 2003 жылдың I тоқсанында пайдалану туралы келісім. Бішкек.	Күні көрсетілмеген
9.	2002 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы»" Орталық Азия ынтымақтастығы"»ұйымын құру туралы шартқа Ресей Федерациясының қосылуы туралы хаттама. Душанбе.	2004 жылғы 18 қазан

2006 жылғы " __ " _____
"Орталық Азия ынтымақтастығы"
ұйымының Еуразия экономикалық
қоғамдастығына кірігуі туралы

хаттамаға 3-қосымша

**Олардың Тараптары арасындағы қатынастарда қолданылуын
жалғастыратын құжаттардың тізбесі**

Р/с N	Құжаттың атауы	Қол қойылған күні
1	2	3
1.	Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шарттың ережелерін іске асыру туралы N 1 хаттама. Ташкент.	1994 жылғы 2 ақпан
2.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасы арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шарт. Чолпон Ата.	1994 жылғы 30 сәуір
3.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім. Алматы.	1994 жылғы 8 шілде
4.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкін құру туралы келісім. Алматы.	1994 жылғы 8 шілде
5.	Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуы саласындағы мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді ақпараттық қамтамасыз ету туралы келісім. Алматы	1994 жылғы 8 шілде
6.	Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім. Ташкент	1996 жылғы 5 сәуір
7.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1996 - 2000 жылдарға арналған Жерді республикааралық жалға алу туралы келісім. Ташкент.	1996 жылғы 5 сәуір
8.		1996 жылғы 5 сәуір

	"Орталықазэлектрон" трансұлттық өнеркәсіп тобын құру туралы хаттама. Ташкент.	
9.	"Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі құру туралы"»Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы 1994 жылғы 8 шілдедегі Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісім. Алматы.	1996 жылғы 23 тамыз
10.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт. Бішкек.	1997 жылғы 10 қаңтар
11.	Монополияға қарсы саясат саласындағы интеграцияны тереңдету туралы келісім. Бішкек.	1997 жылғы 14 наурыз
12.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Шаруашылық қызметін реттейтін ұлттық заңнамалардың негізгі бағыттарын жақындастыру қағидаттары туралы келісім. Бішкек.	1997 жылғы 14 наурыз
13.	Қазақстан Республикасының Үкіметі,Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Біріккен кәсіпорындарды, өндірістік бірлестіктерді құру туралы келісім. Бішкек.	1997 жылғы 14 наурыз
14.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ортақ ғылыми технологиялық кеңістік құру туралы келісім.	1997 жылғы 14 наурыз
15.	Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Чолпон ата.	1998 жылғы 17 шілде
16.	"Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі құру туралы"»Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы 1994 жылғы 8 шілдедегі Келісімге толықтырулар енгізу туралы хаттама. Бішкек.	1999 жылғы 24 маусым
17.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Қырғыз Республикасының аумағындағы бандалық құралымдарды жою жөніндегі операцияларды бірлесіп өткізу туралы хаттама. Ош.	1999 жылғы 28 тамыз
18.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарттың орындалу барысы туралы хаттама. Астана.	1999 жылғы 19 ақпан
19.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне өзге де қауіп-қатер төндіруге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шарт. Ташкент.	2000 жылғы 21 сәуір
20.	Халықаралық Даму Қауымдастығы мен ОАҚ ұйымы арасындағы Даму мақсатына (Орталық Азиядағы ЖҚТБ-ке қарсы күрес жөніндегі жоба) арналған грант туралы келісім	2005 жылғы 12 мамыр (анықтамалық: құжат 1-қосымшаға ауыстырылады, мәселе 2006 жылғы маусымда МАК-та шешіледі.)

21.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өндірістік кооперация туралы келісім. Бішкек.	1997 жылғы 14 наурыз
22.	1994 жылғы 30 сәуірдегі Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа Тәжікстан Республикасының қосылуы туралы хаттама. Ташкент.	1998 жылғы 26 наурыз
23.	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Құнды қағаздар рыногын қалыптастырудың ортақ қағидаттары туралы келісім. Ташкент.	1998 жылғы 26 наурыз
24.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекетаралық ғылыми-технологиялық бағдарламаларды қалыптастыру және олардың мәртебесі туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 26 маусым
25.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі а р а с ы н д а ғ ы қатысушы мемлекеттердің, ғылыми ұйымдарын, ғалымдары мен мамандарын ұлттық ғылыми-технологиялық бағдарламаларды орындауға тартудың тәртібі мен шарттары туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 26 маусым
26.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекетаралық ғылыми-технологиялық бағдарламаларды қалыптастыру және олардың мәртебесі туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 26 маусым
27.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі а р а с ы н д а ғ ы қатысушы мемлекеттердің ғылыми ұйымдарын, ғалымдары мен мамандарын Ұлттық ғылыми-технологиялық бағдарламаларды орындауға тартудың тәртібі мен шарттары туралы келісім. Бішкек.	1998 жылғы 26 маусым
28.	1994 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы арасындағы Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкін құру туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама. Алматы.	2001 жылғы 5 қаңтар